Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 100

ЭНЕРГИЯНЫҢ БАЛАМА КӨЗДЕРІ

Ашемова А.

Бүгінгі таңда әлем энергетикасы жаңартуға келмейтін энергия көздерін пайдалануда. Басты энергия көзі ретінде мұнай, газ және көмір қолданылуда. Энергетика дамуының жақын арадағы мақсаты ең басты энергия тасушылардың арақатынасын зерттеу және ең бастысы, сұйық отынның үлесін азайтумен байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Қазіргі таңда табиғатқа, адам өміріне зиянын келтірмейтіндей энергияның балама көздерін ойлап табу мәселесін алдыңғы қатарда шешілетін әлемдік мәселелер деңгейінде қарастырған жөн. Адам баласы өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жер анадан барлығын алуда. Оның ресурстары шексіз емес. Ертеңгі ұрпақты, қоршаған ортамызды ойлар болсақ, бәрі де бұлыңғыр екендігіне көзіміз жетіп-ақ тұр.

Осы себепті әлемде үлкен үміт аталмыш энергияның балама көздеріне артылуда. Олардың артықшылығы дәстүрлі энергия көздерінен артықшылығы үнемі жаңарып отырылуы мен олардың табиғи таза энергия көзі болып табылуында. Табиғи ресурстардың шектелуі, оларды үнемдеуді мен қайталама шикізаттың қолдануына итермелейді.

Көптеген мемлекеттерде энергия мен шикізатты үнемдеуге үлкен күш жұмсалуда. Бүгінгі таңда әлемде қолданылатын металдар – алюминий, мыс, цинк, қорғасын мен қалайы массасының 1/3 қалдықтар мен қайталама шикізаттан өндіріледі. Бірқатар елдерде энергияны үнемдеу туралы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Қазақстанның әлемдік мұнай, газ, металл, минералды тыңайтқыштарды өндіруде үлесі едәуір болғанымен, энергетикалық және шикізат проблемалары туындауы әбден мүмкін. Бұл, атап айтқанда, біздің мемлекет халық табысының бір бірлігіне отын электрэнергиясын, металды тым көп жұмсайтындығымен түсіндіріледі. Бұл проблема Қазақстанның ғана емес бүкіл дүние жүзі елдерінің проблемасына айналмақ. Сол себепті оны шешу үшін барлық мемлекеттердің атсалысуы қажет. Оны шешудің ең тиімді жолы энергияның балама көздерін пайдалану.

Энергияның балама көздеріне мыналарды жатқызуға болады: күн энергиясы; жел энергиясы; тасқын энергиясы; жердің тереңдік энергиясы; биомассалар отыны; геотермальды энергия. Бұл мақалада осы энергияның балама көздерін ғимараттарды жобалауда пайдалану жолдары қарастырылған.

Жетекші: т.ғ.д. Ш.Ж. Сұранқұлов